

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің құнын субсидиялау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі № 101 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 тамызда № 5102 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 500 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 23.06.2016 № 500 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/306 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11451 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

Осы қаулының қосымшасына сәйкес субсидияланатын гербицид түрлері және гербицидтерді жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидия нормалары бекітілсін.

"Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4993 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылы 4 маусымда жарияланған) Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 939 қаулысының күші жойылсын деп танылсын.

"Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушы

_____ С. Омаров

2015 жылғы "31" шілде

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы "30" шілде
№ 101 қаулысына қосымша

Субсидияланатын гербицид түрлері және гербицидтерді жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограммына) арналған субсидия нормалары

№	Субсидияланатын гербицидтердің түрлері
1	Клиник, 36%, (глифосат, 360 с.е г/л
2	Ураган Фортэ, 500, (калий тұз түріндегі глифосат, 500 с.е г/л
3	Торнадо, 500 (глифосат, 500 с.е г/л
4	Барс Супер, 10% (феноксапроп-п-этил, 100 г/л+ мефенпир-диэтил (антидот), 27 э.к г/л
5	Дезормон-эфир, 72% э.к. (2,4 дихлорфенуксус қышқылының 2-этилгексил эфир
6	Смерч, с.е. (глифосат, 540 г/л
7	Стоп, 33% (пендиметалин, 330 э.к г/л

8	Эстет (2-этилгексил эфир түріндегі	905, 2,4-Д	қышқылы,	905	э.к г/л
9	Сонраунд, (глифосат,	48%, 360			с.е г/л
10	Номини, (натрий биспирибагі,	400, 400			с.к г/л
11	Рейнбоу (пеноксилам,	25 25	ОД,		м.ш г/л
12	Боливер, (азимсульфурон,	50%, 500			с.д.т г/кл
12	Гулливвер, (азимсульфурон,	500			с.д.т г/кл
14	2М-4Х (диметиламинді	750, тұз	75%		с.е.в МСРА
15	Базагран, (бентазон,	48%, 480			с.е г/л
Базагран , 48% с.е . (бентазон , 480 г/л)					
16	Гезагард (прометрин,	500, 500			с.к г/л
17	Пантера, (хизалофоп-п-тефурил, 40	4%			э.к г/л
18	Азимекс, (азимсульфурон, 500		с.д.т.		г/кл
19	Зенкор (метрибузин,	ультра 600			э.к г/л
20	Пивот, (имазетапир,	10%, 100			с.к г/л

2 1	Пульсар, (имазамокс,	4 % 4 0		с . е г / л
2 2	Стомп, (пендиметалин,	3 3 % 3 3 0		э . к г / л
2 3	Фюзилад (флуазифоп-п-бутил,	форте 1 5 0	1 5 0	э . в г / л
2 4	Фуроре (феноксапроп-п-этил,	ультра, 1 1 0		с . м . э г / л
2 5	Гоал (оксифлуорфен,	2 Е, 2 4 0		э . к г / л
2 6	Солито, (претилахлор, + прибензоксим,	3 2 0, 3 0 0	2 0	э . к г / л
2 7	Раундап (глифосат,	Экстра, 5 4 0	5 4 %	с . е г / л
2 8	Сонраунд, (глифосат,	4 8 % 3 6 0		с . е г / л
2 9	Наррис, (кышкыл	бисприбагі, 4 0 0	с . к .	г / л
3 0	Дублон (никосульфурон,	600 г/кг	Голд, + тифенсульфурон-метил,150	с . д . т г/к
3 1	Ластик (феноксапроп-П-этил,	70 г/л	Экстра, + антидот	с . м . э г/.
3 2	Эскудо, (римсульфурон,	5 0 0		с . д . т г / к л
3 3	Лазурит, (метрибузин, 7 0 0			ы . ұ г / к л

Қысқартылған сөздердің толық жазылуы:
г/кг – грамм/килограмм; г/л – грамм/литр;
л (кг) – литр (килограмм); э.к.- эмульсия концентраты;
м.ш. - майлы шашырама; с.е.к.-суда еритін концентрат;
с.д.т.- сулы дисперленген түйіршіктер; с.к.- сулы концентрат;

с.е.- сулы ерітінді; с.к. - суспензиялы концентрат;
с.м.э.- сулы - майлы эмульсия; ы. ұ. – ылғалданатын ұнтақ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК